

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылықов, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### **Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### **Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### **Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-  
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнап оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

Сағат Әшімбаев

## АҚЫН ЖАНЫН ЖАБЫРҚАТҚАН ЖАЙЛАР

Бір кісі емес, жазғаным жалпақ жұрт қой,  
Шамданбай-ақ, пырақтар, үқсан жаарар.  
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,  
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

Абай

### I

Тегінде, адам табиғатынан құрделі еш нәрсе жоқ шығар. Содан да болар осы бір жұмбак әлемнің ашылмаған сырлары әлі де аз емес. Ал ашылған сырлары өмірдің мәнін тереңірек түсінуге септігін тигізетіні анық. Басқа басқа, осы ретте адам табиғатын жан-жақты ашудағы адамтану ілімінің «атасы» – әдебиет атқарып келген, атқара беретін міндет айрықша. Әдебиеттегі әркімнің орны да оның адамтану іліміне әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қосқан жаңалығының мән-маңызына қарай айқындалады. Сондай-ақ әрбір көркем шығарма адам болмысындағы қалтарысы көп қат-қабат психологиялық қайшылықтарды қалтқысыз ашқан сайын оқушы сүйіспеншілігіне бөлене түсетіндігіне сөз жоқ.

Асылы өмірде «көп нәрсені білмеймін» деп мойындағы қоятын пенде аз болар. Абайдың сөзімен айтқанда «адам ғапыл» бәрін білем деп жүріп, білместіктен қателесетіндігін өзі де сезбей қалатын сияқты. Бұл – жалпы жұмыр бастыға тән әрі нақты адам мінезінің табиғатын танытатын бір ғана жайт. Сөйтсе де осының өзінен өмірдегі көптеген шыргаланға толы шындықтардың сыр ұшығын көруге болады. Өйткені, білем деп ойлап, білмей қателескендіктің салдарынан адам баласы тағдырдың тәлкегіне көбірек тап болатынын өмірдің өзі көрсетіп келеді.

Бәріміз де Абайды бір кісідей білеміз деп ойлаймыз. Тіпті қайсыбірімізге әлдекім «сен өзің оны жақсы білмейді екенсің ғой» деп айтып қалса, шамданып, «шалқамыздан түсе» жаздайтынымыз да бар. Сол ұлы Абай поэзиясы ұлылығының бір сыры – адамды танудағы болуы мүмкін қателесуден, яғни соның соқтықпалы

салдарынан орынсыз опық жеуден, жазықсыз жапа шегуден сактандырады! Бұл қызықтыру үшін айтылған қызыл сөз емес.

Шындығында да Абай поэзиясының адамтану мен адамтанаудағы рөлі бүтінгі таңда тіпті айрықша. Ол – адамды әр түрлі қателесуперден сактандыру арқылы бәрімізге де көл-көсір көмегін тигізіп келе жатқан ақындардың ақыны.

Осы жерде «сактандыраны қалай, көмектескені несі?» деген сұрақтың тууы әбден мүмкін. Мүмкін ғана емес, сондай сауалдың қойылуы занды да.

Бұған берілер жауап – қашан да біреу. Шын мәніндегі көркем творчестволық туынды адамдарға риясyz таза көнілмен рухани көмектесуді көздеген әрі өзінен ғөрі өзгелердің бакытты болуын ойлап басы қатқандардың бойындағы азаматтық асыл идеядан, адамгершілік терең парасаттан туындейды. Көмектесу деген көп мағыналы сөз. Біз бұл жерде оны өмірдегі жақсылықты әсірелеу, жамандықты әшкерелеу арқылы көмектесу мағынасында колданып отырмыз.

Адамның азаматтық қасиеті өз қара басына емес, басқаға жасаған қайырымдылығымен өлшенетіні сияқты, ақынның параматтылығы да адамгершілікті қорғауға, ізгілікті қолдауға, жалпы өмір тануға қосқан қомакты үлесімен өлшенеді. Ал оның азы айтып ашындыра алмауы, тұщы айтып тұшындыра білмеуі жеке басындағы азаматтық ой-сезімнің жұтандығымен тікелей байланысты. Ақын – ең алдымен адам. Ол иті ісімен шын мәніндегі азаматтықтың озық үлгісін көрсете білсе, сонда ғана ақын бағының жанғаны. Сондай азамат ақын әманда алмас сөзді алдаспан қару ретінде пайдаланып, өмірдегі, адам мінезіндегі, күнделікті тіршіліктегі жамандық атаулымен жағаласып өтеді. Сол өз кезіндегі жамандық атаулыны өлеңмен өртеп, өңешін суырып берген Абай поэзиясы өзінің азаматтық, адамгершілік қасиеттерімен бүгін де қастерлі.

Өткендері нәрселер өткенмен бірге із-түзсіз кетпейді! Бүгінгі – кешегінің жалғасы, өткеннің салдары, болашақтағының себепшісі. Өмір диалектикасына жүгінsek, гайыптан пайда болатын еш нәрсе жоқ екен, кешегі мен бүгінгі, бүгінгі мен ертенгі – бәрі де бір-бірімен табиғи да, тарихи да түрғыдан

байланысты. Сондыктан да Абай поэзиясында әшкөреленген жамандық құбылыстар сол өткен уақыттың өткелінде біржолата қалып қойды деп қарау барып тұрған жауапсызық болар еді.

Жамандық атаулының «жаны сірі» екенін айтып кана қою жеткіліксіз және оны көрмегенсіп, жасырып-жапқан сайын жақсылықтың рухы жасып, жалыны кеми беретіндігін ұмытпаған жөн.

Адам өткенге қарап өседі, бүгінгіге қарап бой түзейді, болашақты болжап күн кешеді. Өткенге қарап өсу, кеткендерді келемеж ету үшін емес, өткен-кеткендердің кереметін алып, керегі жоқ кемшіліктерін қайталамау үшін қажет. Өкінішке орай, бүгінгі кейбір керден мінез замандастар бойынан, кешегі Абай бейнелеген типтердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, таныс-бейтаныс бейнесін көріп қалып жүрестініміз жасырын емес. Осы тұрғыдан келгенде Абайды қайта оқудың, ақын өлеңдерін дүркін-дүркін сез етудің ерекше тәлім-тәрбиелік мәні бар. Біз еш уақытта да адам тіршілігінің сыртқы формасы уақыт рухына сай жиі-жиі өзгеріске ұшырап отырғанымен, байырғы ішкі мазмұны сан ғасырлар бойы қалыптасқан қасаң «қағидаларын» салбөксе сарандықпен сақтауға тырысатындығын естен шығармауымыз керек сияқты. Бұдан адам тіршілігінің мазмұны замана өзгерісін мүлде қабылдамайды деген бір жақты қорытынды жасаудың реті жоқ. Қай уақытта да заман тез түзелгенімен, жаман тез арада түзелмейтіндігін баса айтқымыз келеді. Демек, адам табиғатындағы Абай көрсеткен кеселі кемшіліктер, жанынды жабырқататын жарамсыз мінез, жат қылықтар ақын өткен уақытпен бірге өтіп кетпегендігін еске алып отыру – жамандыққа есе жібермеуді көздеу деп білеміз.

Осы көзқарас тұрғысынан қараганда Абай поэзиясы – адамды жамандықтан сақтандыру арқылы жақсылықтың үстемдік алуына, сарбаз сананың салтанат құруына рухани көмектесіп келе жатқан, көмектесе беретін поэзия. Ақынның толғауы тоқсан сазды толғаулары кешегіні бүгінгіге танытып, бүгінгіні кешегінің кешірімсіз кем-кетігінен аулақ болуға, кеселі көп кемшілігін қайталамауға үндейтіндігін айтпасқа болмайды. Оның бүгінгі күнге тікелей қатыстылығының өзі осынау моральдық зор мәнділігінде жатыр. Тұptеп келгенде манадан бері сез

етіп отырған рухани көмектесу дегеніміз адамды кез келген адамшылыққа жат нәрседен сақтандыру болса, ал сақтандырудың өзі шын мәнінде рухани көмектесу емес пе?! Олай болса, осындай этикалық әрі эстетикалық ерекше қасиеті үшін Абай поэзиясына сыйынбайтын, оны сыйламайтын жан кемде-кем шығар.

Асыл сөзді іздесен,  
Абайды оқы, ерінбе.  
Адамдықты көздесен,  
Жаттаң тоқы қөңілге!

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қаламынан туған бұл жолдар күллі Абай поэзиясының құдіретін түсінуге бағыт сілтеп, бағдар нұсқап тұргандай. Асыл сөз іздемейтін, адамдықты көзdemейтін адам аз шығар. Ал екеуін де Абайдан табасын, сондыктан да «Абайды оқы, ерінбе» деген сөздің растиғын уақыт өзі көрсетіп келе жатыр. Осынау дүбірлі дүниеден ширек ғасыр ғана дәм татқан талантты ақын Сұлтанмахмұттың осынша тауып айтқандығына тағзым етпеске әбдің қалмайды.

Жалпы Абай творчествосының алтын дінгегі адамгершілік тақырыбы екендігіне қол қоймайтын ешкім жоқ. Бұл мәселені кеменгер М. Әуезовтен бастап басқа да кемелдердің бері де бірауыздан мақұлдаған. Сондыктан да осы арада сол пікірлердің қайталап жатудың қажеттігі аз сияқты. Біздің мақсатымыз – ақынның аталған тақырып арқылы адамтану іліміне қосқан гуманистік, азаматтық қыруар үлесінің бірер қырына бүгінгі күннің тұргысынан тағы да бір рет аз да болса оқушы назарын аудару.

Адамгершілік! Бұл – сөздік қорымыздағы сөлі ерекше, мәні мәнгілік айқын, салмағы паралларсыз парасатты сөз. Сөз ғана емес, адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден-бір аяулы ұғым. Ұғым ғана емес, тіршіліктің мәнін, дүниенің сөнін төрттағандап ұстап тұрган ең ұлы принцип. Шынын айтқанда,

жеке дара принцип қана емес, заңның да, заманның да, адамның да құдіреттілігін танытатын ең ұлы күш! Өйткені адамгершілікке негізделген жерде не нәрсеге де құдірет даритындығы мәлім.

Осы ұлы күш – адамгершілік қасиет жеке адамның ғана басындағы емес, жалпы қоғамның да қордалы байлығы.

Ал оның белгілі бір адамдар бойындағы аздығынан айналасындағы адамдарға ғана емес, қоғамға да тиетін кесірі көлкесір. Олай дейтін себебіміз, бір кесірлі адамнан көп адамға тиетін зиянның шексіз болатындығын еске алсақ, адамдық қасиеті тапшы бір адамнан көп адам зор зардап шегуі мүмкін. Мәселен, тарихта ойы олақ, сезімі шолақ оспадар бір адам соғыс бастап отырған да, ал қарапайым халық бостан-босқа қырылып, шығынға ұшырап келген ғой. Халық еш уақытта соғыс бастамаған, тек жекелеген соғысқұмар сойқандардың кесірінен келенсіз кесапатқа душар болып отырған. Ондайлар көктен туспеген, олар да анадан туған, тек олардың қанында адамға деген сүйіспеншіліктің орнына, керісінше қара ниеттілік сезім басым келеді еken. Міне, бұл жағдай теориялық тұжырым ғана емес, өмірдің өзі дәлелдеген, ғылым растаған тарихи нақты фактілердің негізінде айтылып отыр. Бұдан шығатын қорытынды: адамға деген сүйіспеншілік сезімі жоқ, яғни бойында адамгершілігі жоқ адамның қолына билік тиоі, былайша айтқанда, қауіпті қару тиоінен асқан қатер жоқ еken! Сондықтан да ең қауіпті – адам ар-ұяттан ада, адамгершіліктен жүрдай адам... Бар жаманшылық атаулыны тек солардан ғана күту керек.

Енді осы жерде ерекше атап айтатын нәрсе, өмірдегі сорақы құбылыстарды анықтап, айғақтап беру арқылы жамандықтан сақтандырудағы әрі онымен күресуге үндеудегі сөз атасы әдебиеттің рөлі – тіпті айрықша. Бұл – жалпы әдебиет атаулының адам тәрбиеледегі және адамгершілік байлықты молайтудағы ең негізгі эстетикалық, этикалық міндеттерімен тікелей байланысты. Қысқасы, қоғамдағы орны бөлек орасан дүние адамгершілік байлықтың ортаймауына жауап беретін бірден-бір рухани ұлы күш әдебиет болып келген, солай болып қала береді де.

Адам бойындағы адамгершілік байлықтың шын мәніндегі ең үлкен қоғамдық рухани байлықтың азая бастауын ешбір табиғи

қазына байлықтың молдығымен алмастыруға болмайды. Бұл – жердің үлкендігі халықтың рухани мәдениеттің үлкендігіне кепіл бола алмайтындығына немесе халықтың ұлылығы санының аз, көптілігімен өлшенбейтіндігіне үқсас нәрсе.

Тағы бір көніл аударатын жай: алтын мен алмастың, жалпы асыл металдардың аздығы, керісінше кейбір керексіз дүниелердің көп болатындығы сияқты, жамандыққа қарағанда жақсылық қашанда аз болып, соған орай жамандықтың жалпылдан жүрмейтін, кездеспейтін жері жоқ екендігін де ұмытуға болмайды.

Міне, Абай поэзиясы – сол жамандық атаулының түрі мен түсін анықтауға және оның себептері мен салдарын түсінуге, сондай-ақ осы аморальдық құбылыстың туатын, дамитын тұстарын дәл көрсетіп, әрі одан сақтандыруда ерекше көмегін тигізетін поэзия!

Абай поэзиясының қат-қабат келетін моральдық-идеялық пафосы бойынша қарағанда ер мен езді, асыл мен масылды, жақсы мен жасықты айырудың жолын ең алдымен өмірдегі жақсылық пен жамандықтың бітіспес күресінен, ежелгі ескі тартысынан іздеу керек деген ой туады. Ақын өлеңдері жақсылыққа, әділдікке, тазалыққа, адалдыққа інкөрлік сезім жоқ жerde адамға деген махаббат, адамгершілікке деген сүйіспеншілік, шындыққа деген құштарлық жоқ екендігіне күмәнданбауга үндейді, әрі сендереді. Сондай-ақ, кісі баласына тек жақсылық тілейтін, одан басқа еш нәрсе ойламайтын, қолынан келсе жақсылық жасауға тырысатын адамнан еш уақытта жаманышылық келмейтіндігіне әрі ондай жаннның адамгершіліктің ақ жолын ешбір жағдайда аттап өтпейтіндігіне қалай сендерсе, жамандыққа он оралып, жаны жақын жүретін пенден ешбір кезде жақсылық құтуге болмайтындығына да солай құлата сендереді.

Жалпы, Абай творчествосындағы адамгершілік концепцияға үңілетін болсақ, ақын өмірдегі жақсылық пен жамандықты айыра білуге адамдықтың алғы шарты ретінде мән бергенін байқауға болады. Ақын ұғымында жақсыны тану – жақсылықты қолдау деген сөз, ал жақсылықты қолдай білмеу – жамандықтың отына май құюмен бірдей екен. Шындығында Абайдың бұл концепциясы кім-кімді де терен ойға қалдырады, әрі бүтінгі күні

де терең мәні бар екендігіне мойынсұнта түседі. Жақсылықты айыра білу дегеннен шығады, мұның өзі өмірдің көрсетіп келе жатқанында, жеке адамның тағдырына ғана емес, бүкіл ұлттың рухани дамуына, адамгершілік парасаттың салтанат құруына да тікелей қатысы бар. Жақсылықты тап басып, танымаудың, оны дер кезінде бағалаудың өзі жамандықтың басы екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен? Жақсылыққа қарсылық жамандыққа жол аштындығын қашанда ұмытпағанымыз жөн. Сондай-ақ, жамандықты жалма-жан ауыздықтап отыру – жақсылықтың үстемдік құруына жағдай жасайтындығын үнемі есте ұстаяу, бұл принципті іс жүзінде басшылыққа алу – ұлттық адамгершілік кемелдіктің басты белгілерінің бірі болса керек.

Осы тұста Абайдың берімізге де жақсы таныс болуға тиіс мына бір жолдарына назар аударып көрейікші:

Қалың елім, қазагым, қайран жұртый,  
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі кан, бірі май бол енді екі ұртың.

Бұл шумақты білмейтін немесе оқымаған иісі қазақ оқушысын табу қын шығар. Мәселе мұнда емес. Мәселе – осы шумақты оқығаннан кейін бізге қандай ой келгендейтінде, сол ойдың күнделікті тіршілігімізді түсінуге, болмаса оны өзгертуге, жақсартуға, яғни ұлттық, адамдық сана-сезіміздегі қайшылықтың сыр-сипатын түсінуімізге тигізген ықпалы мен әсерінде. Егер осы айтылғандар жоқ болса, онда оны оқығанбыз деп омыраулаганың, білеміз деп біліктілік танытқаның түкке де қажеті жоқ. Мәселе бұл өлеңді «әрине, білемізге» салып, іштей білімсіздігінді білдіртпеуде емес, барлық гәп сонда – осы шумақтағы тек әрқайсымыздың жеке басымыздағы ғана емес, бүкіл ұлттық мінезіміз бен психологиямыздағы кемшілікке қатысты айтылған сын мен ойды терең түсінуде. Түсінгендейтінде сол – «жақсы мен жаманды айырмайтын» ұлттық кемшілігімізде байланысты сыншыл ойдан қорытынды шығара білуімізде, яғни аталған кемшілікті бүгінгі тіршілігімізде қайталамауда, оған жол бермеуде емес пе?!

Бұл өлең, нақтылы деректерге жүгінсек, 1886 жылдың көлемінде жазылыпты. Содан бері жүз жылға таяу уақыттың жүзі болыпты. Әрине, аз мерзім емес. «Елу жылда ел жана, жүз жылда жер жана» дегендей, бақандай бір ғасырдың аралығында өмірде, табиғатта, қоғам дамуында, ақыл-ой дүниесінде көп өзгерістер мен жан баласы күтпеген жаналықтар болмай қойған жок. Әйтседе, жоғарыда Абайдың жанына батпаңдап батқан жамандықтан, «жақсы мен жаманды айырмау» сияқты бәрімізге ортақ келісімсіз кемшіліктен ат құйрығын кесісіп, үзілді-кесілді арылып болдық па?! Осы төніректе әлі де көп болып ойланып көрсійкші?!

Тағы бір ойланатын нәрсе – бас аяғы отыз жолдан тұратын осы өлеңінде Абай өзі анықтап айтқандай «қалың елі қазағы, қайран жұртының» ұлттық мінезіндегі кері кеткен келеңсіздік пен кесапаты басым біраз кемшіліктерді батыл көрсетуі және соның себеп-салдарын айқара ашуы арқылы өзінің халқын қалтқысызың сүйген ұлы ақын екендігін дәлелдеген еді.

Ұстарасыз аузына түсті мұртың.

Ақын мұнда «ұстара» деген сөзді тұра мағынасында алып отырмағандығын айтып жатудың өзі артық. Мұндағы «ұстара» сөзі – әлеуметтік терең сырды, өмірдің реалистік шындығын танытып тұрған әрі тың философиялық ойға негізделген поэтикалық образ. Абай бұл жерде ауыспалы мағынасында алынған ұстара деген сөз арқылы «қайран жұртының» бойындағы қайшылықтың себебін мензеп тұр. Осынау образды сөзден туындағын негізгі ой – тарихи, ұлттық, азаматтық, адамгершілік сана-сезім баландығы мен дәстүрлер жұтандығынан әбден арылмаған жағдайда «жақсы мен жаманды айырмау» келіп шығады деген курделі ой. Ұстара сөзі екінші жағынан ұлттық сана-сезім мешеулігінің символикалық бейнесі екендігін де астарлап білдіріп тұрганын аңғару киын емес.

Басқа емес ұлы Абайдың, елінің ертеңін елден ерек ойлап күніне жүз тебіреніп, мың толғанған данышпан ақынның «қалың елі, қазағы, қайран жұртының» ең басты ерекше мінінің бірі ретінде «жақсы мен жаманды айырмағаның» атап көрсетуі

тегіннен-тегін емес еді. Соңдықтан да бұл мәселеге бүтінде атусті қарауға құқымыз жоқ. Өткендеңі нәрселер өткенмен бірге із-түссіз кетпейтіндігін ұмытуға болмай-ды. Әсіресе осы «айырмагандықтың» зауалды зардабынан туындаитын кесапатты құбылыстардың сыр-сипатын түсіну үшін аталған өлеңді толық оқу керек және оған толығырақ тоқталған жөн сияқты. Сөйтсе де, мына бір жайды алдымен айта кетейік.

«Жақсының, жақсылығын бетіне айт нұры тасысын, жаманның жамандығын бетіне айт құты қашсын» деген халықтың қанатты нақылында терең мән бар. Бұл – өмір даналығының өздігінен даму занылышынан туған мағыналы сөз. Мағынасының тереңдігі сол, жақсының жақсылығын айту – шынтуайтына келгенде жақсылықты дәріптеу деген сөз.

Ал жаманның жамандығын айту – жамандықтың тамырына балта шабу ғой. Яғни, осылай жақсы мен жаманды айыру, түтеп келгенде ақ пен қараны айыру, ақиқатқа ара түсу, сейтіп арамзалақтың жолын кесу – шындықтың қолын шешу деген сөз! Міне, сонда ғана әділдікке деген сүйіспеншілік жеңіп, адамгершілік салтанат құратындығы мәлім. Мұндай жағдайда асылдың орнына масыл таласпайтындығы, жақсының үлесін жасық иемденбейтіндігі, тұғырдың тұлпарға баланбайтындығы сөзсіз. Қысқасы, әркімнің ойының дәрежесіне сәйкес өз орнында болып, өз мүмкіндігіне лайық іс-әрекетімен айналысуы, әркімнің «шамасына қарап шалқайып, көрпесіне қарап көслүі» айналып келгенде бүкіл ұлттың рухани дамуына даңғыл жол ашады екен!

Әркімнің өз жөнін білуі орынсыз оспадарлыққа толы, татымы жоқ тартыс, құрес, құндеңстіктен арылтады.

Сонымен Абай ұғымындағы «жақсы мен жаманды айырмаудың» салдары неге экеліп соғатындығын айқынырақ елестету үшін жоғарыда келтірілген шумақтың жалғасына да көніл аударған жөн сияқты. «Күйрдактың әкесін түйе сойғанда көресіз» дегендей, ақын айтып отырған айырмай қараудың салдарынан туатын сорақы құбылыстар аз емес екен. Соның негізгілері ретінде ақын мыналарды ашына айтып, олардың сырын айқара ашып береді.

...Үқпайсың өз сөзінен басқа сөзді.  
...Бас-басына би болған өңкей қықым.  
...Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
...Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.

Міне, «жақсы мен жаман айырылмаған» жерде, осындаі әдібі кеткен әдет, кертартпа, керден мінез қалыптасады екен. Бұлардың қай-қайсысы да өмірдің өрге дамуына өре салатын, ұлттың рухын кері тартатын, шындықтың жолына шыннырау қазатын, адамгершіліктің төрдегі басын есікке сүйрейтін індеттен де жаман құбылыстар. Өзініз ойлап көрініші, өз сөзінен басқа сөзді үқпайтын адам өзінен басқаның қамын ойлап, өзгенің мүддесі үшін өзекжарды сөзін айта қояр ма екен? Ондайлар жөнінде Абайдың өзі: «түзелмесін білген ез, тұзу сөзге сенер ме?» деген ғой. Басқаның сөзін ұғынбау дегеннен шығады, бұл жайында да «кайран сөз, кайран тіл – наданға қадірсіз», деп өзі тамаша айтқан ғой.

Сондай-ақ, бас-басына би болған басқаны емес, бір семьяның өзін ғана көз алдыңызға елестетінізші? Ондай семьяда бақыт құсы ұзақ қонақтай қояр ма екен. Әрине, би болуға, билік алуға ешкім де қарсы бола қоймас. Адам табиғатындағы осал буынның бірі де осында жатыр. Сөйтсе де бас-басымызға би болуға ұмытылудың өзі әлімізді білмей әлек болу екенін былай қойғанда, арыстанның айға шауып мерт болуын еске түсірмей ме? Ал өткен тарихтың тарауларын парақтай бастасақ, қай елдің де берекесін биліккүмарлық алғанына ондаған, жүздеген фактілерді қиналмастан табар едік.

«Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ» семьяда, елде, ортада жан сүйсінер жаңалық, жарқ еткен жақсылық бар дегенге кім сене қояр екен? Бірлік жоқ жерде шын мәнінде тірлік жоқ екендігін елестету қынға соға қоймас. Осы орайда бірлік дегенге байланысты айта кететін маңызды бір нәрсе бар, ол рухани бірлік ұлттық сана-сезім кемелденуінің ең басты белгілерінің бірі екендігі. Абай атап көрсеткен, бірлік, береке, шын пейіл жеке адамның ғана желкенін желпілдетіп, мерейін көтеретін адамгершілік зор абырой ғана емес, халықтың да қасиетін үстемелей түсстін моральдық-этикалық ұлан-ғайыр ұлы байлық

екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Демек, бұл қасиеттерді көздің қарашығындағы қастерлеу – қай-қайсымыздың да адамдық, азаматтық парзымызы.

Абайдың сөз болып отырган өлеңіндегі «күш сынасқан құндеңстік бұзды-ау шырқын» деген жолдарын оқығанда ішің мұздап, құлімсі қылық, құншіл мінез ақын жаңын жегідей жеп, арқасына аяздай батқаны ойына орала кетеді. Шынында да құндеңстік атты күйкі құбылыс еш уақытта да ешкімге де абырай экелмеген гой. Небір елім деп тұған ердің де, етек-жені мол елдің де түбіне құндеңстік жетпей қоймаған. Құндеңстік етек алған жерде адамның ар-ұяты аяққа басылып, азаматтың арманы аяусыз жерленіп, елдің намысы мен халықтың қамы деген аяулы ұғымдар айдалада қалатынын ауық-ауық еске алып отырганың ешбір ерсілігі жоқ сияқты. Құндеңстік бой көрсеткен төніректе ең қауіптің сол, болмай қоймайтын әйтесуір бір қылмыстың тәбесі көрініп тұрады.

Дүниеде себепсіз ештеңе жоқ. Олай болса құндеңстік күйкі сезімнің тууының басты себебі неде? Бұл мәселеге байланысты Л. Н. Толстой ден қойғызар пікір айтқан екен. «Құндеңстік сезім, – деп жазады Лев Николаевич, – адамгершілік сезімнің азғындаған түрі. Соңдықтан да ол сезім ой-санасы дамымаған кішкене адамдар мен ұлттық парасаты жетілмеген, рухы тәмен ұлттардың басындағы балаңдық аурудың нәтижесі».

Демек, Абайдың «Күш сынасқан құндеңстікке» жан-тәнімен қарсы шығуының себебі түсінікті ғой дейміз. Оның басқа бір өлеңіндегі «бес нәрседен қашық болуға, бес нәрсеге асық болуға» шақыруы осы құндеңстік індетке жол бермеудің жолдарын көрсетіп бергендігі сияқты.

...Өсек, етірік, мақтансақ,  
Ерінпек, бекер мал шапшақ –  
Бес дұппаның білсеніз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, ракым ойлан қой –  
Бес асыл іс, көнсеніз.

Абай осы өлең жолдары арқылы «күш синасқан күндеңстік» дерптің қалай туатындығын және одан қандай жағдайда аулақ жүргүгे болатындығын дөп бейнелеген. Өзіңіз ойлап қаранышы, талап пен еңбек, терен ой мен қанағат, рақым бар жерде күндеңстік қайдан болсын?! Күндеңстіктің өзі – күннің көзі түспейтін жылымшы жерде етек алатын жылбысқы ауруларды қоздыратын вирустарға ұқсас нәрсе. Яғни жақсы мен жаман «айырылмаған» кезде күндеңстік «ауру» өз-өзінен қозып шыға келеді. Бір сөзben айтқанда, күндеңстік сияқты күйкі сезім ойының орамы жоқ, сезі сөлсіз, ісі мәнсіз, өз қолынан жарытымды еш нәрсе келмейтін ақыл-ойы «жарымжан», тар шенберлі адамдардың негізгі қаруы екенін баса айтқан жөн. Қысқасы, Абай айтқан «бес дүшпан», яғни өсек пен өтірік, еріншектік пен мақтаншақтық, бекер мал шашпақтық ойып орын алған ортада туатын күндеңстік «ауру» адап жанға аяқ аттатқызбайтындығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ қой дейміз.

Сонымен жоғарыдағы ойларымызды жинақтай келе айтарымыз: ұлы Абайдың «Қалың елім, қазағым...» атты әйгілі өлеңі өткен ғасырдың сексенінші жылдарындағы ұлттық мінезіміз бен психологиямыз дамуының кейбір көркемдік көркемдік кілті дер едік.

Бұл өлең Абайдың ақындық паспорттын ғана емес, азаматтық және ұлылық ойының творчестволық платформасын да танытады.

### 3

Абайдың адамшылық қасиет, адамгершілік және мораль мәселелеріне арналған, сондай-ақ, ұлттық мінезіміздегі кейбір кенеуі кеткен кемшіліктерді көрсететін өлеңдерін оқып отырғанда бүтінгі тірлігіміз еске түседі. Ал қазіргі өміріміздің бүкпесі мол, күрмеуі көп тұстарындағы күмілжіп қалған сэттерімізде ак пен қараны айқын ажырату үшін ақиқаттың айнасы ретінде Абай өлеңдеріне жүгінетініміз бар. Бұл бір біздің ғана емес, жалпының басындағы жалпылама шындық болуға тиіс. Сондықтан да біз өз басымыз Абайға жүгінбейтін, ақын сөзіне сүйеніп, ақиқатқа

айқын көз жеткізгісі келмейтін есті қазақ бар дегенге сенбейміз. Өзінді өзің білгің келсе, өмірдің өзің білмейтін және өзгелерге де беймәлім сауалдарына жауап іздеген кезде Абай өлеңдерін оқу үстінде көнілге медеу, жүрекке жылу алатын кездеріміз де аз емес.

Осындаи сөттерде тағы бір байқағанымыз бар. Ол ақынның белгілі бір өлеңіндегі ұлттық болмысымызға қатысты сыншылдық тұрғыдан айтылған алмастай алуан қырлы терең ойлар басқа өлеңдерінде де мүлде басқа қырынан қиуын тауып қайталаңып келіп, одан ары сол бастапқы ойды ғана емес, содан туған сенің ойынды да әрі тереңдете, әрі толықтыра түседі. Мұны ешқандай да ой қайталаушылықпен шатастыруға болмайды. Керісінше, мұның өзі Абай поэзиясындағы азаматтық ой дамуының іштей табиги сабактасқан тұтастық сипатын танытса керек.

Жоғарыда тілге тиек болған «Қалың елім, қазағым, қайран жұртый» өлеңіндегі ақынның өзекжарды өткір ойларының заңды жалғасын әрі басқа қырынан тереңдей түсіүін оның мына өлеңінен көруге болады:

Қыран бұркіт не алмайды, салса бағтап,  
Жұрт жүр ғой қүйкентай мен қарға сақтап.  
Қыран шықса қияга, жібереді  
Олар да екі құсын екі жақтап.  
Қарқылдан қарға қалмас арт жағынан,  
Күйкентайы үстінде шықылыштап.  
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,  
Күні бойы шабады бос салақтап.  
Тайп, шығып, ыза қып, ұстапласа,  
Куанар иелері сонда ыржақтап.  
Не таптық мұныменен деген жан жоқ,  
Тұні бойы күпілдер құсын мақтап.  
Басқа сая, жантан олжа дәнеме жоқ,  
Қайран ел, осыменен жүр далақтап.

Тағы да ойланған оқып, тағы да бір ой таразысына салып көрініші?! Көз алдыңызға осындағы символикалық сырлы, мұнды образ-суреттерді елестетіп, мұндағы «Қайран ел, осыменен жүр далақтап» деген философиялық терең ойға назар

аударыңызы?! Әрбір жолдан кешегі ғана емес, бүгінгіде де тән таныс-байтаныс шындық елес бермейді деп айтуға аузымыз барада ма екен?

Бұл өлеңнің дүниенің бір қызығы саятшылықты қызыл тілмен қызықтауға ешқандай да қатысы жоқ. Жасыра бергеннен, қайта жанымыз жабырқай түспей ме, анығын айтсақ, мұнда бір адамның емес, дүйім бір елдің басындағы сол кездегі ұлттық трагедия сөз болып отыр.

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да, Оған да үкі, тұмар тағылса да, – деп Абайдың айтқанында, осы аңы шындықты біліп тұрып, тұлпарға тұғырды қарсы қоюдан, яғни қыран бүркітке қүйкентай мен қарға арқылы киянат жасаудан аскан трагедия бар ма екен?! Осында тайға таңба басқандай анық көрсетілген ұлттық кемшілігіміз кешегі кемді күнмен бірге келмеске кетсе өкініш қане?! Ақын Абай, азамат Абай осынау кесапттың келешек ұрпаққа кесірін тигізбеуін жан-тәнімен тілегендіктен де осыншама ашына айтудан басқаша амалы болмаған сияқты.

Енді осы тұста ақын ойларының іштей сабактастыры деген мәселеге келейік. Ақын «қалың елім, қазағым, қайран жұрттым» өлеңінде аяусыз аңы сынға алған жайларды есінізге түсірінізші! Олар «жақсы мен жаманды айырмаушылық, өз сөзінен басқа сөзді ұқпаушылық, бас-басына би болушылық және бірлік, береке, шын пейіл жоқтығынан туған күш сынасқан құндыстіктің» іргемізден берік қоныс тепкендігі еді ғой. Міне, осы сықылды сиқысыз әдет, бұралқы мінездер жайлаған жерде, «ұстарасыз аузына мұрты түсken» елде қыран бүркіттің тағдыры немен тынатындығын ақынның жоғарыдағы өлеңі тамаша елестеткен. Бұдан бір өлеңдегі ой толқыны екіншісінде тіпті терен арналы ойға айналып кеткенін көреміз. Нақтылай түссек, ол «күш сынасқан құндыстіктен» арылмаған жағдайда қүйкентай мен қарғалар қыран бүркітке еш уақытта ештеңе алдыртпайтындығын астарлап айту арқылы – осының өзі ұлттық сана-сезім мешеулігінің бірден-бір белгісі деген ой түйіндейді. Шындығында да, қыранның қыран екендігін біле тұра мойындармай, яғни жақсының жақсылығын көре тұра айтпау, жаманның жамандығын көріп жүріп көзге шұқымау, арысы ұлттық, берісі адамгершілік сана-сезімнің жоғарылығын

танытпаса керек. Демек, Абай айтқан батыл сындарды батылдықпен мойындей отырып, одан тиісті қорытындылар шығармау азаматтық арымызға нұқсан екен!

Абай айтқан сын, яғни ойлар тым аңы екені рас. Алайда, ол сол сынды елін жек көріп, еңсесін басу үшін емес, керісінше өз жұртының ертеңін өзгеден көбірек ойлап, өзгеше жақсы көргендіктен де оның көргенсіздік жағын көбірек сынауға мәжбүр болғанын есте ұстауымыз керек. Шындыққа сүйіспеншілік, ақиқатқа інкәрлік жоқ жерде сын жоқ екендігін, сондай-ақ, сыншылдық рухтың өзі ойшылдық көзқарастың көрінісі екенін еске алсақ, Абай айтқан сынға да, ол көрсеткен кемшіліктеге де қырын қарауға тиіс емеспіз. Рухани өсу дегеніміз жоқты бардай, барды дардай етіп, белгілі бір сандық көрсеткішке ғана жету емес, керісінше сапалық өзгеріске ие болу, кемшілікпен күресу, жоқты табудың жолын іздеу, өзіндегі барды, бағалыны жетілдіру, тарихи сабактардан қорытынды шығару деген сөз. Осы тұрғыдан қараганда, Абай поэзиясы мен кара сөздеріндегі тарихи тағымы зор сынның рухани өсуімізге тигізетін пайдасы ұлан-ғайыр. Сондықтан да өзіміздің кешегімен салыстырғанда қаншалықты рухани өскендігімізді өлшеу үшін, қазіргі қаракет тірлігімізде өткеннің өкінішті кемшіліктерін қайталамау үшін де Абай творчествосының алтын өзегі болған адамгершілік, азаматтық, патриоттық принциптер тұрғысынан айтылған сыншылдық ойларға жүтініп отыру пайым-парасатымыздың деңгейін танытар парызы деп білеміз.

Біз осы жерде патриоттық деген сөзді жайдан-жай айтып отырғанымыз жоқ. Жалпы Абай творчествосындағы патриоттық пафос мәсселесі – арнайы сөз ететін өз алдына үлкен бір мақаланың жүгі. Сөйтсе де ойдың желісіне орай қозғай кететін нәрсе, қазақ қазақ болып, ес жиып, етек жапқаннан бергі уақыттан Абайға дейінгі аралықта одан артық «қалың елі, қазағы, қайран жұртының» камын ойлап, қабыргасы қайысқан, жақсылығымен қоса жамандығын жіліктеп айтып берген, туған жұрты мінезінің жарамсыз жағы жанына батпандап батқан ақын да, азамат та өтпеген сияқты. Ал осындей адамды:

...Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз!  
Күншілдіксіз тату болу шын көнілмен,  
Киянатшыл болмақты естен кеткіз!-

деп кейінгі ұрпаққа өзекжарды өсиет айтқан ақынды, болмаса  
тақымына қыл бұрау түсken құлындаш шыңғырып:

...Бірінді, қазақ, бірің дос  
Көрмесен, істің бері бос.  
Малынды жауга,  
Басынды дауга  
Кор қылма, корга, татулас!  
...Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Кор болыш, құрып баrasың!-

деген жолдарды жанымен, қанымен жазған сөз зергерін  
осы ұлттың ұлы патриоты деп айтпағанда кімді айтамыз! Абай  
секілді ұлттық сезіміміз оянуына ең алғашқы ұйтқысы болған  
патриот адамның мына сияқты іргемізді ірітіп, шаңырағымызды  
шайқалтып тұрған жайларды көре тұра көзжұмбайлық жасап,  
айтпауга құқы да жоқ еді:

...Алты бақан, ала ауыз,  
Өзін-өзі құндейді,  
Жақынын жалған мінейді.

Ел де жаман,  
Ер де жаман –  
Аңдығаны өз елі.

...Бір сөз үшін жау болыш,  
Бір күн үшін дос болыш,  
Жұз құбылған салт шықты.

...Өтірік, есек, мақтанға  
Ағып тұрган бейне су.

...Терен өй, терен гылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

...Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,  
Әркім бір ит сактап жүр ырылдағып.

...Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,  
Теп-тегіс жұрттың бері болды аларман.

Саудасы – ар мен иманы,  
Кайрат жоқ бойын тигалы.  
Еңбекпен етті ауыртпай,  
Күр тілменен жиганы.

...Өтірік пен өсекке  
Бәйге атындағанқылдар.

...Сәлем борыш, сөз құлық болғаннан соң,  
Қандай жан сырттан сөз боп сыналмай жүр.

...Алғашқы іші жау боп, сырты күлмек.  
Жақынын тіріде аңдып, өлсе еніремек.

...Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,  
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.

...Қазактың қайсысының бар санасты?  
Қылт егерде дап-дайын бір жаласы.

...Төңкеріліп құбылған жүрт – бір сагым,  
Шынға шыңдан қоса алмас ынтымағын.

Ар мен ұят ойламай тәнін асырап,  
Ергені жоқ бүтінгे болған құмар.

...Қазактың өзге жүрттан сөзі ұзын,  
Бірінің бірі шапшаң үқпас сөзін.  
Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды іште мұзын.

...Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп,  
Мақтамайды ешкімді бүл күнде көп.

Міне, Абай өлеңдерінен алынған осынау оқшаша жолдардың қай-қайсысында ақын жанын аяусыз жабырқатқан жарамсыз жайлар мен сол кездің әлеуметтік кертартпа психологиясын көз алдыңа елестететін ашы да ауыр шындықтар бар. Иә, бұлар «соқтықпалы соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысып жүріп, елінен етек-бастылықты көп көрген, қаны қара, жаны жара» Абайдың жүйекесін жүн етіп, жанын жегідей жеген типтік жағдайлар екендігіне ешкім де күмәндانا қоймас. Ақын сол өзі қуә болған, көкірек көзімен көріп, жанымен сезінген қым-куыт уақыттың қиуы кеткен қырық жамау қисынсыз моралін осы бір өлең жолдарының өзегіне реалистікпен түсіру арқылы өз замандастарының бойындағы адамгершілікке жат құбылыстардың сыр-сипатын барынша айқара ашып береді. Сондыктан бұл жолдарды еріннің ұшымен енжар күйде оқу мүмкін емес. Осындағы әрбір жолда, әрбір сөзде ерігіп жүрген екінің бірінін ойына келе бермейтін терең мән-мағына жатыр. Қалай оқысаңыз да және қайыра келіп қанша оқысаңыз да мұндағы кешегіге ғана емес, бүгінгі рухани өмірімізге де қатысы бар әрі түйсіксіздікті түйрекен, әдепсіздікті әшкерелеген, берекесіздікті бетінен қаққан сынаптай өткір сыншыл ойлардың тағылымдық әсер құші ешбір ортаймақ емес, қайта бұрынғысынан да терендей түседі. Және бір қызығы, осы жолдардың төнірегінде ойланған сайын ойыңа өткен шақ сілемдерінен бұрын бүгінгі күннің кейбір көленкелі жақтары мен қөнілсіз көріністері, таныс-бейтаныс мінездері түсе береді. Түсіп қана қоймай өзінді әр түрлі озбыр ойлардың ортасында омбылап қалғандай сезінесін. Апыр-ау, сонда бір кезде ұлы Абай айыптаған осы бір ешкімге де опа экеліп, көсегесін көгерпейтін оспадар мінез, ожар сезімдер, қылмысқа итермелейтін қылықтар төнірегінде біз неге шындалп ойланбасқа деген ой келеді. Өткен ғасырдың кеселді кемшілігін өз арамызда қайталап қалып жүретіндерге қашанғы кеншілікпен қарай береміз?! Осы да рухани өскендіктің, осы да ұлттық кемелденгендіктің белгісі ме екен?! Ұлттық, адамгершілік рухымызды жер бауырлатып көрсететін желбуаз жайлар жайында белгілі бір тоқтамға келіп, әлдекашан тосқауыл қоятын мезгіл әбден жеткен жоқ па?! Абай

аруағын сыйлау – Абай айтқан сырды терең сыннан сындарлы қорытынды шығару екендігін тағы да қайталап айтқымыз келеді. Ал Абайға тоқтау өзінің ұлттық рухынды сыйлау, өмірдегі азаматтық ақ жолынды таныту, адамшылдықтың ақшаңқан дәстүрлерінің дамуына селбесіп септігінді тигізу деп білеміз!

«Жасыра бергеннен жараның орны жазылмас» дегендей, өкінішке орай, арамызда Абайды оқымай да, тоқымай да алшаң басып жүргендердің әлі де көп екендігін де ашып айтатын мезгіл жетті. Сейтіп журіп өздерін осы ұлттың өкілі санайтындығын қайтерсін... Өз ұлттының ұлысын оқымаған, білмеген, сыйламаған адам басқасын басынан басып өтпейтіндігіне кім кепіл?!

Абайға тағзым ету адам бойындағы махабbat пен мархабатқа тағзым ету, құдіреттің жақсылығын емес, жақсылықтың, адамшылдықтың құдіреттін сезіну арқылы одан өз бойына рухани күш алу екендігін ақын өлеңдерін шын түсінген адамғана түсінеді. Сондықтан да Абайды оқи алмаған, тоқи алмаған адамның өмір бойы бір бүйірі олқы тұрады.

Жоғарыда келтірілген үзінділерді тағы да бір ой көзімен зер салып, зерделеп көрініш! Мұнда ешқандай да «жаптым жала, жақтым күйе» деген жалған ниет немесе ақты қара деп, қараны ақ деп қасарысқан қараулық сезімнің ұшығы да жоқ. Бұл жолдарды адам мінезіндегі қоғам мораліндегі және уақыт сахнасындағы кез келген кездейсоқ жайды алып, оны типтік жағдай – занұлдылық деп қызылтанау болып, кенірдек жыртқан керенаулдықтың ұшқынын да таба алмайсыз. Бәрі де рас, бәрі де шындық қой және әлі күнге арыла алмай келе жатқан шындық екенін несіне жасырамыз. Классиканың ең басты және бірден-бір шарты – мезгіл мен мекен жағынан үш шаққа (өткенге, қазіргіге, келешекке), ал нақты адамға байланысты алғанда үш жаққа да (мен, сен, ол) қатыстылықты, екінші сөзбен айтқанда занұлдылықты көрсету арқылы зансыздықты айыптау екені мәлім. Яғни адамгершілік озық моральға келмейтін зансыздықты, яки куллі жамандық атаулыны әшкерелеу арқылы занұлдылықты, таратып айтқанда жақсылықты, парасат пен сезімді, сұлулық пен сүйіспеншілікті, ізгілік пен ізеттілікті, қайырым мен қанағатшылдықты дәріптеудің тамаша үлгісін осы өлеңдерден

көргөзу болады. Мұндағы жамандықты айыптау – жақсылықты аңсау сезімінен туып жатыр. Және осынау жолдардағы бір адамның ғана басындағы емес, бүкіл «жалпақ жұртының» бойындағы жамандықты жағасынан алып, онымен жағаласып өткен әрі сол жамандықты жасаушылармен өзі де, өлеңі де аяусыз айқасып өткен аяулы Абайдың көкірегін қарс айырған ауыр құрсіністі сезбеу де мүмкін емес.

Қысқасы, осынау жолдың және осы жолдар алынған сол өлөндерді тұстастай оқи отырып айтатын нәрсе, біздіңше, Абай ұлылығы «жалпақ жұртының» әлеуметтік-психологиялық портретін жасау арқылы оның типтік болмыс-бітімін барша адамдық, ұлттық, табиғи һәм тарихи қайшылығымен ашып бергендейгіндегі жатқан сияқты. Бұл ретте ескеретін жайт – қайшылық деген сөзді бір жакты түсінуге болмайды. Өйткені қайшылықты ашу рухани даму атаулының басты факторларының бірін көрсеттіп беру деген сөз. Өз қайшылығын, яғни өз кемшілігін тап басып танымай, нақты білмей тұрып, ал білгеннен соң, танығаннан кейін соның бәрін мойындан отырып, онымен ымырасыз құреспейінше ешбір ұлт даму диалектикасының даңғыл жолына түсу мүмкін еместігін ұмытпағанымыз жән.

Сонымен Абай поэзиясының ең басты пафосы адам табиғатындағы және ұлттық психологиядағы жамандық атаулыға қарсы қурес екендігін айта отырып, алайда, осыған орай мына бір жайды да айтпай кету жөнсіздік болар еді.

Абайдың поэтикалық философиясынан туындастын тың бір ой – өзгеге жасаған жамандығың мен арамдығың ерте ме, кеш пе, сөз жоқ, өзіңе қайтып оралады және сол оралып соққанда орныңнан біржолата тұрмластай етіп ойсыратып согады, жаңынды жарапап, жазатайым етеді деген ой.

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,  
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек! –

деп ақын жамандық пен арамдықтың салдары жайында салмақты ой тастайды. Абайға жүгінсек, кісіге жасаған жамандықтан түптің түбі оның өзі жарымжан болып қалады екен! Абай да барлық

шығыс философтары айтып кеткен – «жамандық жамандық шақырады» деген ұлағатты ойды қуаттайды.

Ақын «Патша құдай, сыйындым» дейтін өлеңінде әсте жамандық жасаушы адамның алысқа бармайтындығын, «керден мойын кесіліп, кеселді түйін шешілмей» қоймайтындығына байланысты ойын былай деп түйіндейді:

О да – құдай пендесі,  
Түспей кетер деймісің  
Тәнірінің күрган тезіне?

Шынында да, «шындық-тәнірінің, тәнірі шындықтың» (Фирдоуси) күрган тезінен құтылып кететін адам жоқ шығар? Бар болса аз шығар. Ақын бұл жерде тәнірі деген сөзді әділдік пен шындықтың метафоралық бейнесі ретінде, яғни ауыспалы мағынасында алып отыр. Және осындағы «тәнірінің күрган тезі» деген терен философиялық образдан туған ой – жалпы шындық пен әділдіктің біздің еркімізден тыс екендігін және табиғатта, яғни өмірде тағы да біздің еркімізден тәуелсіз адамгершілік теңдіктің өздігінен сақталу заңдылығы бар екендігін білдіріп түр. Мұның өзі Абай дүниетанымындағы диалектикалық терендейдікі танытса керек. Демек, Абай философиясына сүйенсек, жамандық – бумерангқа ұқсас құбылыс. Оның зауалды зардабын айналып өту мүмкін еместігін білген адам жамандық жасаудан көш бойы қашық жүреді, ал білмен адам басқаға жамандық жасау арқылы өзіне-өзі ор қазып, өз басын өзі құрбандыққа шалады деген ой келіп шығады.

Сен аттың жөнсіз оқ,  
Тәнірі – қазы,  
Тас – таразы.  
Тентекті  
Сұрамас деп  
Қалма,  
Серт бұзғанның, біл, орны – шоқ! -

дейді тағы бірде ақын. Жөнсіз оқ атқан, яғни кісіге жөнсіз жамандық жасаған адамның «тәнірі-қазының тас таразысына»

түспей кетуі мүмкін емес екен. Сондай-ақ, осы өлеңнен шығатын біреуге екінші біреу қымсынбастан қысым жасап немесе киянат көрсетіп, жазықсыз жанды жапа шектіріп жатса, ондайлар күндердің күнінде «тәнірінің құрған тезі»-мен «тәнірі-қазының тас таразысына» өзінен-өзі келіп түседі деген Абай айтқан ойда материалистік негіз бар екендігін, өмір диалектикасынан тугандығын атап айтқан дұрыс. Жамандықтың із-түзсіз және үн-түнсіз кетпейтіндігі, яки оның бумеранг заны бойынша қай жерден шықса, сол жерге қайтып оралатындығы жайлы Абай философиясының тәрбиелік-тәлімдік үлкен мәні бар. «Адам баласы өз іс-эрекетінің салдарын толық білмегендіктен де тағдыр тәлкегіне ұшырайды», – деген Л.Н. Толстой пікірімен жамандықтың салдары, яғни қайтып оралатындығы туралы Абай ойы да іштей үндесіп жатқанын байқауға болады.

Абайдың «мынмен жалғыз алыстым, кінә қойма» деген сөзі бәрімізге де таныс. Осындағы мың деп отырганы:

Сүйтсе де жамандыққа бір тоймаган,  
Ант үргандық қылышын еш қоймаган, -

алтыбақан алауыз алыс, жақын ағайын жұрты, күш сынасқан күнестікпен күн кешкен замандастары екенине күмән жоқ. Солардың бойындағы жамандықты, ойындағы надандықты айта-айта эбден жаны жабырқап шаршагандықтан да:

Егер мениң ішімді жарып көрсөн,  
Жылауынды ұмытып, шошып едін, -

деп ұлы ақын бар шынын айтуға мәжбүр болған сияқты. Қандай ауыр сөз! Міне, содан бері жұз жылға таяу уақыт өтіпті. Осы уақыт ішінде «жылауынды ұмытып», жанынды шошытатын, Абайдың жанын жанышыған жарамсыз жайлардан арылыш болдық па?! Шыныңызды айтыңызыш?!

## ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМҰНЫ**

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы .....	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы .....	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі .....	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі .....	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы .....	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі .....	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі .....	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан .....	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар .....	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин .....	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері .....	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы .....	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны .....	213
Бельгер Г. Абай мен Гете .....	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек .....	240
Еғеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл .....	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі .....	267
Түсініктер .....	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
IV том  
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8879**

Басуга 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.